

Кімге: Контрагенттерге
Күні: 26-12-2024

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы іске асыру шеңберінде, сондай-ақ халықаралық санкцияларды сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар туралы хат

Al Safi Bank Ltd. (әрі қарай – Банк) мүмкіндікті пайдалана отырып Сізге өз құрметін білдіреді және кәсіби қызметіңізге табыс тілейді.

Банк «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының (әрі қарай – Заң) талаптарына, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының (әрі қарай – АХҚО) актілеріне сәйкес жұмыс істейтінін, өйткені аталған Заңға және АХҚО актілеріне сәйкес қаржылық мониторинг субъектісі болып табылатынын хабарлайды.

Банк бизнестің заңды нормалары мен қағидаттарына ерекше мән береді және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (әрі қарай – КЖ/ТҚҚІ) мәселелеріне баса назар аударады. Бұл тұрғыда Банк келесі шараларды қолға алады:

- Банкті заңсыз қаржылық операциялар үшін пайдалану мүмкіндігін болдырмауға, сондай-ақ санкциялық бағдарламаларды (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания және т.б.) сақтауға бағытталған шараларды және ішкі ережелерді анықтайтын саясаттар мен рәсімдерді қабылдау;
- КЖ/ТҚҚІ қағидаттары және санкциялық бағдарламаларға қойылатын талаптар туралы Банк қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру бағытында қызметкерлерді оқыту;
- Банк құрылымында Комплаенс, КЖ/ТҚҚІ, санкциялық комплаенс саласында қажетті біліктілік деңгейі және елеулі жұмыс тәжірбесі бар, сондай-ақ жеткілікті тәуелсіздік деңгейін иемденетін сарапшылардан құралған (2 бірлік, санын арттыру мүмкіндігімен) Комплаенс және этика департаментінің болуы, бұл – КЖ/ТҚҚІ саласында қолданылатын стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес келеді.
- Клиент пен контрагенттердің онбордингі, олардың тәуекелдерін бағалау бойынша тиімді үдерісті, сондай-ақ қаржылық мониторингке жататын операциялардың қаржылық мониторингін қолдап отыруға бағытталған автоматтандырылған жүйенің болуы. Сонымен қатар, Банк барлық қолданылатын талаптарды сақтау үшін қажетті өзге сервистерді де пайдаланады, соның ішінде Dow Jones, Kompra-мен шектелместен.
- КЖ/ТҚҚІ іс-шаралары аясында алынған барлық құжаттар мен мәліметтердің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Банкте КЖ/ТҚҚІ мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар қабылданды, онда келесілер де көзделеді:

- Клиенттерді, олардың өкілдерін және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру;
- Жария лауазымды тұлғаларды тиісінше тексеру;
- Қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау;
- Тәуекелдерді бағалау бағдарламасы;
- Оқыту бағдарламасы;
- Заңда және АХҚО актілерінде көзделген өзге бағдарламалар мен шаралар.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы үнемі жетілдіріліп отырады.

Сонымен қатар, Банк тақырыптық форумдарға/конференцияларға белсенді түрде қатысу және сөз сөйлеу арқылы, сондай-ақ алаяқтыққа қарсы әрекет етуге бағытталған бастамаларды қолдау арқылы нарыққа қатысушылардың КЖ/ТҚҚІ саласындағы хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады, атап айтқанда, 2024 жылы Банк ACFE International Fraud Week бастамасын қолдады.

Банк КЖ/ТҚҚІ және халықаралық санкцияларды сақтау саласындағы талаптарға өзінің адалдығын білдіреді және өз контрагенттерін КЖ/ТҚҚІ және санкциялық бағдарламаларды сақтау бөлігінде жоғары талаптарды ұстануға шақырады, сондай-ақ комплаенс-мәдениетті қалыптастыруда Сіздің қолдауыңыз бен ынтымақтастығыңызды жоғары бағалайды.

Таймырзаев Мирлан
Бас атқарушы директор

